

**"Ақтөбе облысында 2023 жылға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 25 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 наурыздағы № 76 қаулысы

Ақтөбе облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ақтөбе облысында 2023 жылға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 25 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*Е. Тоғжанов*

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2023 жылғы 24 наурыздағы  
№ 76 қаулысына қосымша  
Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2023 жылғы 31 қаңтардағы  
№ 25 қаулысына қосымша

**Ақтөбе облысында 2023 жылға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері**

№	Тауарлар атауы	Бірінші тоқсан (теңге)	Екінші тоқсан (теңге)	Үшінші тоқсан (теңге)	Төртінші тоқсан (теңге)
1	Бірінші сортты бидай ұны, килограмм	225	257	267	269
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (	162	163		163

	пішінді), килограмм			163	
3	Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм	459	483	504	508
4	Қаракұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм	704	752	796	798
5	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын), килограмм	595	603	634	662
6	Картоп, килограмм	175	280	202	172
7	Асханалық сәбіз , килограмм	195	341	218	180
8	Басты пияз, килограмм	124	172	132	126
9	Ақ қауданды қырыққабат, килограмм	126	96	99	108
10	Ақ қант - құмшекер, килограмм	507	557	593	633
11	Күнбағыс майы, литр	896	907	994	1098
12	Сиыр еті ( сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм	2198	2254	2294	2335
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік ) , килограмм	1192	1274	1318	1319
14	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада, литр	267	268	272	279
15	Айран, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада, литр	295	292	295	295
	Сары май ( тұздалмаған, майлылығы				

16	кемінде 72,5% толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), килограмм	2973	3000	3027	3031
17	Тауық жұмыртқасы (I санатты), 10 дана	386	319	346	449
18	Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа), килограмм	59	60	66	67
19	Сүзбе: майлылығы 5-9%, килограмм	1663	1673	1679	1704

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК